

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Қорыта келе, 2016 – 2020 жылдар арасында жоғарыда айтылған іс-шараларды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының туристік кластерлері мен туризм саласындағы кәсіптерді оптимизациялау арқылы толықтай автономды туристік нарық жұмыс істеу механизмін қалыптастырамыз. Осы қойылған жобаларды жүзеге асыру 2013 жылы қабылданған «2020 - даму стратегиясы» бойынша туризмды дамыту жобасына толықтай жауап бере алады, және де ТМД елдері арасында туристерге қызығушылығы бойынша Ресейден кейінгі екінші орынға көтерілуіміз әбден дұрыс.

Қолданылған әдебиет:

1. www.forbes.kz - Топ-10 популярных туристических направлений мира и СНГ.
2. www.group-global.kz - Пути совершенствование системы государственного регулирования туризма в Республике Казахстан
3. Боголюбов В.С., Орловская В.П. Экономика туризма. – М. : Академия, 2014. – 312
4. Вуколов В.Н. История и теория международного туризма. – Алматы, 2013. – 250 б.

ӘОЖ 331.423

ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Мұқан Айымгүл

aiym-95@bk.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» мамандығының

4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Баймбетова

Баршамыздың киелі мекеніміз Қазақстан мемлекетінің әлемге танымалдығы күн сайын артып келеді.

Қазақстан Республикасы Президенті-Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясында-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, еліміздің келешектігі дамуының айқын бағдары жарияланды.

«Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің дамыған отыз елінің қатарында болуға тиіс.» деген болатын Елбасымыз өз жолдауында. Осы орайда ел экономикасында өсіп-өркендеуіне айтарлықтай үлес қосатын бір сала туризм екеніне бүгінде көз жеткендей [1]. Жиһангерлік және саяхатшылық-адамның танымдық көкжиегін кеңейтетін, қазіргі замандағы ғаламат мүмкіншілігі бар, пайдасы шаш етекпен келетін, біз әлі толық игере алмаған саланың бірі екендігі баршамызға белгілі. Бүгінгі туризм, яғни жиһангерлік және саяхатшылық-бұл мемлекет пен қоғамның экономикалық әлеуметтік дамуының, тұлғаның жан-жақты қалыптасуының маңызды факторы.

Туризмнің қазіргі индустриясы табысы жоғары және серпінді дамып келе жатқан қызмет көрсетулердің халықаралық сауда сегменттерінің бірі болып табылады. Әлемдік туристік рыноктың дәстүрлі аудандары өзінің рекреациялық сыйымдылығының шегіне іс жүзінде жеткендіктен, туризмнің өсуі туристер баратын жаңа аумақтар есебінен басым дамиды болады. Осыған байланысты, Қазақстанның әлемдік туристік рынокта өзінің лайықты орнын табуға бірегей мүмкіндігі бар.

Туризм - жеке тұлғалардың уақытша болатын елде (жерде) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейін не жиырма төрт сағаттан аз уақытқа созылатын, бірақ түнейтін, ақылы қызметпен байланысты емес мақсаттағы саяхаты [2];

Экскурсия - жеке тұлғаның уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып, көруі;

Экскурсиялық қызмет - уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарға танымдық мақсатта келуді ұйымдастыру жөніндегі кәсіпкерлік қызмет, ол туристерді орналастыру (түнету) жөніндегі қызметті көздемейді және жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімді қамтиды [3];

Экскурсиялық туризм - халық арасында мәдени-ағарту жұмысының маңызды белгісі. Оның тарихы жалпы 100 жылдан асқанымен ең дамыған кезі өткен ғасырдың 70-80 жылдары. Экскурсия білім алудың негізгі формасы. Сондықтан экскурсия өткізген уақыты бойынша емес, тақырыбы бойынша жүйеленген. Экскурсияның бірнеше түрлері бар. Олар: тарихи, кәсіптік, табиғи, архитектуралық, әдеби және т.б. Алғашқы экскурсияға себепші болған өткен ғасырлардың қоғамдық өмірі. Сол кезде жиі діни, әулие жерлерге қажылық жасаумен байланысты болды. Жалпы айтқанда, экскурсиялар мемлекеттің түрлі кезеңдерінде әр түрлі функцияларды атқарған. Ол ғасырдың қызығушылығына байланысты болған. Экскурсиятанудың пән ретінде дамуы Совет Одағында педагогика, өлкетану, мұражайтану, туризмнің дамуымен тығыз байланысты болды. Өткен ғасырлардың белгілі мұғалімдері экскурсияны оқу процесінің белсенді түрі деп санаған. Сондықтан экскурсия алғашында мектептерге енгізілген. Табиғатқа шығу, айналамен тануда, экскурсияның маңызы зор. Кейіннен оқу экскурсияларымен қатар оқудан тыс экскурсиялар пайда бола бастады. Бірақ олар алғашында өте аз, тек қана бай адамдардың қолына жеткен. Олар сол кезде Крымға, Кавказға, шет ел курорттарына саяхат жасаған. Экскурсия кезінде білім алу мақсаты XVIIIғ алдыңғы қатардағы прогрессивті адамдар қойған. Ол үшін түрлі қоғамдық бірлестіктер құрып, қаржы мәселелерін ірі демеуші арқылы шешкен. «Экскурсия» сөзі латын тілінен пайда болған. Орыс тіліне XIXғ енгізген. Басында бұл сөз «әскери шапшаңдық», кейіннен «серуенге шығу», «жорық» деп белгіленген [4].

Профессионалды экскурсиялық туризм XX ғасыр бойы белсенді дамыды. Қазіргі күнде, өзіне тек қана тарих және мәдениет игілігі мен ғана емес, оған қоса жоғары деңгейлік қонақ үй және мейрамхана сервисін, ойын – сауық бағдарламаларын қосатын сан қырлы рекреация бөліміне айналуы тиіс. Сонда ғана туризм индустриясында экскурсиялық қызметтің мемлекеттік бюджетке түсіретін валюталық түсімі, орта және шағын бизнеске көмегі тиіп, тауар мен қызмет көрсету нарығы арқылы аймақтардың экономикасының дамуына ықпалы өте зор болады [5].

Қазақстан Республикасының бәсекеге түсе алатын және рентабельді экскурсиялық туризмді дамытуға толық мүмкіншілігі бар. Оған ықпал ететін факторлар:

- еліміздің қолайлы геосаяси жағдайы. Батыс пен Шығыс аралығындағы халықаралық туристік және коммерциялық ағымдардың өсуі;
- саяси тұрақтылық, демократиялық қайта құру, экономикалық реформаның өтуі және инвестициялық ахуалдың тұрақтылығы мен ашықтығы;
- еліміздің тарихи- мәдениет мұрасының ерекшелігі;
- мұсылман, христиан, будда ескерткіштерінің болуы;
- Қазақстанның көп мәдениеттілігі, музей, мәдениет ошақтарының, фольклорлы - этнографиялық және ұлттық кәсіпқой өнерпаздардың көп болуы;
- Туристік- рекреациялық аймақтардың болуы, табиғи ландшафтар, өсімдік, жануарлар дүниесінің ерекшелігі, экзотикалық тур, балық аулау, аң аулау, өсімдіктер жинау т.б [6].

Көркі көз тойдыратын, табиғаты сан алуан, дәстүрге де бай елімізге шет елдік азаматтардың қызығушылықтары артып келеді дейміз. Көптен күткен «Экспо – 2017» көрмесі де таяп қалды. Бірақ, «Экспо – 2017» көрмесі аясында шет елден келетін қонақтардың демалысын әлі де болса дұрыс ұйымдастыра алмаймыз, оларға арналған танымдық мақсаттағы экскурсиялық бағыттыр өте аз. Алысты алмай-ақ, өз еліміздің азаматтарының демалысын ұйымдастыруымыз қажет. Сондықтан, еліміздегі экскурсиялық туризмді дамытудағы келесі мәселелерді ашып, оларды шешу жолдарын ұсынамыз (кесте 1).

Кесте 1 – Экскурсиялық туризмді дамытудағы проблемалар мен проблемаларды шешу жолдары

Экскурсиялық туризмді дамытудағы проблемалар:	Проблемаларды шешу жолдары
- Экскурсиялық туризмді туризмнің жеке бір саласы ретінде қарастырылмаған;	- Экскурсиялық туризмді туризмнің жеке бір саласы ретінде дамыту үшін экскурсиялық туризмге мемлекет тарапынан көңіл бөлу;
- Қызықты экскурсиялық бағыттардың жоқтығы;	- Туристердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына, діни нанымдарына сәйкес экскурсиялық бағдарламалар ұйымдастыру.
- Экскурсиялық объектілер жайында ақпараттардың аздығы және жүйесіздігі;	- Экскурсиялық объектілер жайында аңыз әңгімелер жинағын шығару, ел арасында тарату. Сол объектілерге дұрыс жарнама жасап шет елдерде ротацияға шығарып, жарнамалау;
- Қазақстандағы туристік фирмаларда ішкі туризмге басты назар аудармауы;	- Қазақстандық туристік фирмалар көбінесе өз қалталарын толтыру үшін ел азаматтарына шет елде демалу, яғни, шығу туризмін ұсынады. Көптеген туристік фирмаларда ішкі туризмге бағытталған экскурсиялық бағдарламалар да жоқ. Қазіргі экономикалық жағдайды ескере отырып, ішкі туризмге көп көңіл бөлу қажет. Өйткені мұнай бағасының түсіп, доллардың көтерілгені, экскурсиялық туризм бойынша көшбасшы Европа елдері және Турция мемлекетінде саяси тұрақсыздық болуы себебінен еліміздің азаматтарының қауіпсіздігі қамтамасыз ету қажет. Ал, ішкі туризмді тамытсақ, әрі қауіпсіз, әрі экономикамыз да дамиды, өйткені еліміздегі қаражат өз елімізде қалады.
- Инфрақұрылымның дұрыс деңгейде дамымауы;	- Инфрақұрылымды дұрыс деңгейде дамыту қажет. Шыны керек елімізде бас қалалардан басқа қалалардың инфрақұрылымы төмен деңгейде. Туристік маңызы бар жол тораптаптарын салу қажет. 2-3 деңгейлі қонақ үйлер, хостелдер санын көбейту қажет. Жаңа әлемдік деңгейдегі әуежай және темір жол вокзалдары мен автовокзалдарды салу қажет.
- Білікті мамандардың жетіспеушілігі;	- Елімізде туризм саласында білім беріп жатқан оқу орындары менен білім алып жатқан студенттер аз емес. Бірақ, осы жоғары оқу орындарында жеке экскурсиялық туризм пәні оқылмайды. Сондықтан, экскурсиялық туризм бағытында курстар ашу қажет деп ойлаймын.
- Қазақстанды шет елдерде әлі де болса дұрыс танымайды;	- Қазақстан әлемде туристік бағытта әлі де болса белгісіз ел. Сондықтан Қазақстанның туристік бейнесін көтеру үшін бірқатар кең көлемде шаралар қажет. Негізгі шаралардың бірі туристік негізгі шаралардың бірі туристік фирмалар мен агентстволардың халықаралық туристік жәрмеңке, көрме конференция т.б. әлемдік деңгейдегі шараларға қатысуы және Қазақстан жерінде де өткізу. Туристік бет-бейнені қалыптастыру үшін туристік хабарлама орталықтарын ұйымдастыру, сондай-ақ шет елдердегі Қазақстан елшілігіндегі өкілетті тұлғаларды араластыру жұмыстарына көңіл бөлуі керек. Еліміздің туристік қуатын жарнамалауда ұлттық әуе қатынасын және басқа да транспорттық кәсіпорындарда пайдалана білу. Шет елдерде Қазақстан туралы жоғары сапалы полиграфиялық ұнтаспаларды уағыздау жұмысына көңіл бөлуі.

Кестедегі шешу жолдарын көріп отырғандай, экскурсиялық туризмді дамыту кезіндегі проблемаларды оңтайландыруға болады. Экскурсиялық туризмді дамыту, ел экономикасына келетін пайданың үлесі орасан зор.

Қорыта айтқанда Қазақстан Республикасында экскурсиялық туризмді дамытсақ:

- экскурсиялық туризм экономиканың табысты салаларының біріне айналады;
- мәдениетімізді, тарихымызды және табиғи байлықтарымызды сақтап, оларды ұтымды пайдаланамыз;
- ел азаматтары жаңа жұмыс орындарымен қамтылады;
- Орта және шағын кәсіпкерлік дамиды.

Туризм саласының ел экономикасына қосар үлесі арта берсе, Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың жолдауында айтқандай ХХІ ғасыр Қазақстанның «Алтын ғасыры» болары сөзсіз.

Қолданылған әдебиет:

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.- 2012. 12 желтоқсан.
2. Алрисаков М.Б. «Введение в туризм». М., 1999ж – 239б.
3. Байгунаков Д. С. «Экскурсиялық іс». Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 148б.
4. Соколова М. В. «История туризма». Москва., 2010ж. – 352б.
5. Азар В.И., Туманов С.Ю. Экономика туристского рынка. М.,1998ж – 239б.
6. Дурович А.П., Копанев А.С Маркетинг в туризме: Учебное пособие Минск: 1998ж. – 400б.

УДК 338.48 (574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Мүслимбекова Маржан Амантайқызы

Muslimbekova_m@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті, Туризм
кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.М. Жусупова

Туризм - экономикалық көркеюдің бірден-бір себепкері, бастаушысы.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше қазіргі кезде туризм әлемдік экономикадағы қарқыны төмендемейтін саланың біріне жатады. Бұл индустрия көп елдерде жалпы ішкі өнімнің қалыптасуына, қосымша жұмыс орнын құруға және сыртқы сауда балансының белсенділігіне ықпал етеді. Елдердің шикізат көзі азаяды, ал туристік индустрия қалпына келетін ресурстармен жұмыс істейді. Туризмнің басқа да салаларға тигізетін әсері мол, оның 32 салаға жанама ықпалы бар (турфирмалар, көлік түрлері, мейрамхана кешендері, демалыс үйлері, санаториялар, ұлттық парктер, тамақтану сферасы, т.б.). Бұл дегеніміз - әлемдік өндірісте әр 9 адамның жұмыс орны деуге болады.

Туризм индустриясының мемлекеттік бюджетке түсіретін валюталық түсімі, орта және шағын бизнеске көмегі, тауар мен қызмет көрсету нарығы арқылы аймақтардың экономикасының дамуына ықпалы өте зор. Сонымен қатар, туризмнің қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық дамуы келесі көрсеткіштермен сипатталады. Ішкі және халықаралық туризмнің жалпы шығыны әлемдік ұлттық ішкі өнімнің 12%-ін құрайды, жыл сайын 1,5млрд. Ішкі және халықаралық саяхаттау тіркелді.

Халықаралық туризмнің үлесіне жыл сайын әлемдік экспорттың 7% және қызмет көрсетудің 25-30% келеді. Халықаралық туризмнің жылдық өсуі 4,0%, ал болашақта бұл көрсеткіш көтерілмек [1].

Қазақстан Республикасының халықаралық бірден-бір танымал туристік ел атануына мүмкіндігі жоғары. Себебі, Қазақ елінде көптеген атақты тарихи орындар, табиғаты көркем